«Бекітілген»
ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК
Байқау кеңесінің төрайымы
_____ З.Аманжолова
«_17_» ___12___ 2024ж.

«Келісілген»
ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК
директоры
_____ А.Садықова
«_17_» ___12___ 2024ж.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы» № 112 бұйрығына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қызметінің негізгі мақсаты ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК (ары қарай - №29 ҚЕ) және кәсіпорын қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

№29 ҚЕ Байқау кеңесінің шешімімен ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК директоры сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің функционалдық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін, лауазымдық нұсқаулықтарын және т.б. айқындайтын құжаттарды №29 ҚЕ Байқау кеңесі мен кәсіпорын басшысы бекітеді.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің міндеттері:

1) №29 ҚЕ және кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2. №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қызметінің ақпараттық ашықтығы;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің тәуелсіздігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің үздіксіз жүзеге асырылуы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жетілдіру;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер функцияларын жүзеге асыратын құзыреттерін үнемі арттыру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

1.1. №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;

1.2. №29 ҚЕ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

1.3. №29 ҚЕ мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

1.4. №29 ҚЕ қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

1.5. №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

1.6. №29 ҚЕ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

1.7. №29 ҚЕ корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

1.8. №29 ҚЕ қызметкерлері мен пациенттері арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында сауалнама әзірлеу және Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметі арқылы пациенттер арасында сауалнама жүргізу.

2) №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес №29 ҚЕ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді ұйлестіреді;

4) №29 ҚЕ анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

5) №29 ҚЕсыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

6) №29 ҚЕ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

7) №29 ҚЕ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

8) №29 ҚЕ ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

10) №29 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

11) №29 ҚЕ сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

12) №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

13) №29 ҚЕ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша №29 ҚЕ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

15) №29 ҚЕ басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, №29 ҚЕ қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

16) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер өзіне жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер өз қызметінің шеңберінде:

1) №29 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, жұмыс бабында қажетті материалдарды сұратады және алады;

2) Байқау кеңесінің қарауына Байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) №29 ҚЕ басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап ете алады;

5) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

6) №29 ҚЕ қызметкерлерінің кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы немесе №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

5. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер:

1) №29 ҚЕ және қызметкерлері туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) №29 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) №29 ҚЕ Байқау кеңесін және №29 ҚЕ басшылығын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) №29 ҚЕ белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің өз қызметін атқару кезінде жол берілмейді:

1) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

2) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

3) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

4) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

7. №29 ҚЕ басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің өз қызметін атқару кезінде:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі;

4) №29 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерімен бірлесе отырып, анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылауға жағдай жасауы;

5) №29 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерімен бірлесе отырып, туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешуге ықпал етуі қажет.

Аталған құжат Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК Байқау кеңесінің 17.12.2024 жылғы №5 хаттамасымен бекітілген.

Әзірлеген:

ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК комлаенс-офицері

Л.Кеңесбаева _____ (қолы)

Таныстырылды:

ШЖҚ «№29 Қалалық емхана» КМК Байқау кеңесінің хатшысы

К.Жалбырова _____ (қолы)